

Радиоизотоптық өнімнің импортына рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 954 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Изотоп" ғылыми-өндірістік-коммерциялық бірлестік" жауапкершілігі шектеулі серіктестікке (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы) (бұдан әрі - "Изотоп" ҒӨКБ ЖШС) Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына "Техснабэкспорт" ашық акционерлік қоғамымен (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) 2003 жылғы 3 сәуірдегі N 08843672/30154-052 келісім-шартқа сәйкес көздер мен ерітінділер түріндегі, жалпы белсенділігі 220 000 (екі жүз жиырма мың) беккерель (бөлінетін изотоптардың 0,750137132 грамы) 9 (тоғыз) дана санында 3 342 (үш мың үш жүз қырық екі) АҚШ доллары сомасындағы ядролық материалдар негізінде радиоактивті заттарды импорттауға рұқсат берілсін, соның ішінде:

1) плутоний-238 негізінде (ТМД СЭҚ ТН бойынша тауар коды - 284420890, бақылау тізімі бойынша 0C002) жалпы белсенділігі 80 000 (сексен мың) беккерель (бөлінетін изотоптардың 0, 00000013 грамы) 2 (екі) дана санындағы көздер түрінде 383 (үш жүз сексен үш) АҚШ доллары сомасында;

2) уран-233 негізінде (ТМД СЭҚ ТН бойынша тауар коды - 284440190, бақылау тізімі бойынша 0C002) жалпы белсенділігі 40 000 (қырық мың) беккерель (бөлінетін изотоптардың 0, 00011 грамы) 1 (бір) дана санындағы көздер түрінде 192 (жүз тоқсан екі) АҚШ доллары сомасында;

3) плутоний-239 негізінде (ТМД СЭҚ ТН бойынша тауар коды - 284420890, бақылау тізімі бойынша 0C002) жалпы белсенділігі 46 000 (қырық алты мың) беккерель (бөлінетін изотоптардың 0, 00002 грамы) 3 (үш) дана санындағы көздер мен ерітінділер түрінде 663 (алты жүз алпыс үш) АҚШ доллары сомасында;

4) плутоний-242 негізінде (ТМД СЭҚ ТН бойынша тауар коды - 284420890, бақылау тізімі бойынша 0C002) жалпы белсенділігі 1 000 (бір мың) беккерель (бөлінетін изотоптардың 0, 000007 грамы) 1 (бір) ампула санындағы ерітінді түрінде 1400 (бір мың төрт жүз) АҚШ доллары сомасында;

5) торий-228 (232) негізінде (ТМД СЭҚ ТН бойынша тауар коды - 284430690,

бақылау тізімі бойынша 0C001) жалпы белсенділігі 53 000 (елу үш мың) беккерель (бөлінетін изотоптардың 0, 750000002 грамы) көздер түріндегі 2 (екі) дана санында 704 (жеті жүз төрт) АҚШ доллары сомасында.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Изотоп" ҒӨКБ ЖШС-ге осы қаулының 1-тармағында көрсетілген радиоизотоп өнімінің импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен импортталатын радиоизотоп өнімін кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Радиоизотоптық өнім тасымалының қауіпсіздігі мен осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі